

ЖАПОНИЯНЫҢ ЖАҢҒЫРУ ҮДЕРІСІНІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Жапонияда соңғы жүз жылда болған өзгерістердің соншалықты жылдам, әрі қайран қаларлығы сондай, ХІХ ғ. соңында еуропалық ғалымдардың, саяхатшылардың және дипломаттардың жазған кітаптарының бұл елге ешбір қатысы жоқ секілді көрінеді. Мұнда қоғам өмірінің барлық салаларының терең трансформациясы жүріп жатыр, олар экономиканың, саясаттың, ғылымның, мәдениеттің жаңғыруы мен интернационалдануының объективті тарихи үрдістерін көрсетеді, бұл әртүрлі елдердің халықтарын жақындастырады, олардың ынтымақтастығы мен өзара түсінушілігіне ықпал етеді. Бұл үдерістер эндогендік және экзогендік факторларға байланысты.

Осы өзгерістердің барысында дәстүрлі элементтер мен батыстық инновацияларды үйлестіре біріктірген Жапонияның жаңа бейнесі қалыптасады. Қарастырылып отырған кезеңді барынша нақты екі этапқа бөлуге болады, ал олар өз кезегінде ұлттық тарихтың екі өзгерісті сәтімен байланысты. Оның алғашқысы Мэйдзи реставрациясынан (Мэйдзи исин) бастау алады, бұл кезде екі жүз жылдан астам уақыт оқшауланудан кейін Батыс елдерімен белсенді қатынастар басталған еді. Осы уақыттан бастап батысқа еліктеу (вестернизация), дәлірек айтсақ еуропашылдану түріндегі, ал екінші дүниежүзлік соғыстан кейін америкашылдану формасындағы ірі көлемді жаңғыру жүре бастады. Бұл – Жапонияның азиаттық ел ретіндегі ерекшелігі. Дегенмен, сол кездің өзінде-ақ, ол батыс өркениетінің дамуына, әсіресе, мәдениет жағынан өз үлесін қоса бастады. Сондықтан бұл үдерісті интернационалдандырудың алғашқы қадамдары деп айтуға болады.

Екіншісі 1945 жылы елдің тізе бұғуінен кейін басталады. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы Жапония әлемдік сахнада үнемі өзінің экономикалық, саяси және мәдени ұстанымын нығайтып, сәтті үдемелі тұрақты дамудың сирек кездесетін үлгісі болып келеді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі екі онжылдықта күн

шығыс елі көмекті көбінесе шет елдерден алса, кейінгі жылдары осы көмектің жемістері байқалады, бұл ең алдымен әрине техникалық-экономикалық салада орын алды. Оның негізінде «жапондық экономикалық ғажайып» атты феномен жатыр. Бұл ғажайып туралы әңгімелер тоқталғанмен де, Жапония феномені адамдардың санасын әлі ойландыруда. Өйткені жапон халқы даму жағдайларындағы өзгерістерге бейімделудің жоғарғы деңгейін көрсетіп, тек дамушы елдер үшін ғана емес, сонымен бірге дамыған елдерге үлгі болды.

Жапон тарихында халықтың қайта құруға қабілетті болуы жаңғыру үдерісінің мәнін түсінуге көмектеседі. Бұл қарқынды үдеріс өткен ғасырдың 50-жылдары Жапонияның жаңғыру теориясын өмірге алып келді, оның мазмұны шындығында орыс жапонтануында қаралмаса да, жақында сынға ұшырады /1, 15/. Дегенмен Батыс елдерімен тез арада бір деңгейге жеткізген Жапонияның жетістіктері бұл мәселеге қайтып оралуға және жаңғырудың жапондық үлгісін саралауға түрткі болады.

Осы мәселелерге формациялық және өркениеттік қарастырулар негізінде қызығушылық үнемі отандық зерттеушілердің көңілін аударады. Кез келген қоғамның дамуы үдерісін талдау, сөз жоқ «өндіріс түрі» немесе «таптар» секілді жалпы параметрлерді қарастырумен шектелмесе керек. Зерттеуге адамдардың нақты әрекеттері, олардың отбасындағы, қауымдағы, кәсіпорындағы, яғни кіші топтардағы қарым-қатынастары алынуы тиіс. Басқаша айтқанда, тек олардың өмір сүруінің барлық жақтарын: әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, идеологиялық және мәдени аспектілерін зерттеу арқылы ғана бүкіл қоғамның барынша толық сипаттамасын беруге болады.

Қоғамның өмір сүруін зерттеуді осылай ұғынғанда, негізінен өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастардың артықшылығына сүйенетін формациялық тұрғыда

карастыру біршама шектеу жасайды. Тарихты жүйелі зерттеуге алғаш мүмкіндік бергеніне қарамастан, ол негізінен негізгі түсініктерге сүйенеді, ал адамды оның тұрмыстық және рухани өмірімен, дінмен, ғылыммен, психологиямен, ділімен жеткілікті мөлшерде назарға алмайды. Сондықтан қоғамды зерттеу барысында өркениеттік қарастыруды қолданған орынды, өйткені оның орталығында адам, оның өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері тұр.

Өркениет атауы көбінесе қандай да бір социумның дамуындағы белгілі бір кезеңді көрсетуге немесе жалпыәлемдік көлемде қолданылса, ал бұл мағынасында профессор И.М.Осадчаяның пікірінше өркениет пен формация біртекті түсініктер. Өйткені екеуі де материалдық-өндірістік базадан тұрады, сондай-ақ, қоғам тарихының қандай да бір кезеңіне тән адамзат қатынасының экономикалық, саяси, құқықтық, мәдени, діни және басқа түрлерін де қамтиды. /2, 6/. Бірақ мәселенің бастысы зерттеу барысында қайсысына басымдылық берілетіне байланысты. Егер формациялық қарастыруда доминанта экономика болатын болса, ал өркениеттік үшін – оның құндылықтары адам, ал экономикалық жетістіктер қоғамның барлық мүшелеріне тиімділі болуына байланысты қарастырылады. Оның үстіне өркениет түсінігі мәдениет ұғымына жақын, өйткені екеуі де адамдардың қоғамдағы саналуан қатынастарымен негізделеді. Жалпы алғанда, өркениеттік қарастыру формациялыққа қарағанда барынша қуатты, кең көлемді және ұзақ мерзімді үдерістерді қамтиды.

Қазіргі әлем халықтарының экономикалық, саяси және мәдени байланыстарының күшейген жағдайында, жергілікті (оқшау) қоғамдардың өзара тәуелділігі мен өзара ықпалы артып отырғанда өркениеттік үдеріс, шындығында жаһандық сипатқа ие бола бастайды, немесе профессор Г.Г.Дилигенскийдің айтуы бойынша, жаһандық өркениетті құруға әкеледі, бірақ мұны жергілікті өркениеттердің қарапайым, механикалық тұрғыдағы бірігуі деп түсінуге болмайды /3, 30/.

Жаңғыру үдерісі үнемі жүріп отырады, бірақ атауының тарихы өте қысқа. Қазіргі әлеуметтану әдебиетінде оған бірнеше түсіндірме беріледі. Ғалымдардың көпшілігі жаңғыруды елдердің капиталистік даму жолына түсуімен теңестіреді. Осындай ғалымдар легінің ішінде, Жапонияның жаңғыру теориясының авторларының бірі – белгілі американ жапонтанушысы Эдвин О.Рейшауэр (Гарвард университеті) бар. Бұл көзқарасқа сәйкес, жаңғыру үдерісі бірнеше жүзжылдан бірнеше онжылға дейін созылуы мүмкін, бірақ үнемі іргелі өзгерістерге алып келіп отырады. Мұндай өзгерістердің түбегейлі сипатын көрсете келе, Э.Рэйшауэр олардың маңыздылығын «аңшылық пен терімшілікке негізделген шаруашылықтан жерөңдеуге өту» деп салыстырады. /4, 16/.

Ғалымдардың бір бөлігі қандай да бір мемлекеттің жаңғыруын нақты дамыған елмен, мысалы Жапония және Англиямен немесе ХХ ғасырдың ірі әлеуметтанушысы М.Вебер анықтама берген «идеалды түрмен» салыстырып қарастыруды ұсынады. Ең алдымен бұл жерде батыс қоғамы бірқатар әмбебап сипаттағы құндылықтарға ие: билік бөлінісі, тұлға бостандығы және басқа адам құқықтары, кәсіпкерлік еркіндігі, саяси егемендік, ұлттың өзін-өзі билеу құқығы, әлеуметтік таңдау еркіндігі. Міне осындай қоғамға қазір барлық дамушы елдер ұмтылады; бұл ТМД елдері үшін де өте өзекті.

Бұл жерде өркениеттер тағдыры үшін қоғамның шаруашылық өмірінің, М.Вебердің айтуы бойынша шаруашылықты ұтымды жүргізу тәсілінің, еркін (формалды) еңбекті ұтымды капиталистік ұйымдастырудың маңызын айрықша атап өту қажет. Бұл барынша айқын және тегіс қамтылған түрде Батыс елдерінде көрініс тапты. «... Дәл осы Батыста, тек қана осында, әмбебаптық мәнге ие болған бағытта дамушы мәдениет құбылыстары пайда болды» /5, 44/.

Ал бұл кезде шығыс қоғамдарында үлкен рөлді төл рухани құндылықтары ойнады және ойнай береді. Батыс елдеріндегі тарихи үдерістерді сипаттау үшін Вебер рационализм ұғымын енгізеді, оның аясына еуропа қоғамдарының соңғы

бірнеше ғасырдағы дамуын айқындаған бірқатар тарихи факторларды сыйғызады. Еуропада адамзат тарихында тұңғыш рет қазір индустриалды немесе өнеркәсіпті дамыған деп аталып жүрген қоғам пайда болған еді. Вебер бойынша, қоғамның барлық басқа түрлері дәстүрлі болып табылады.

Осылайша, рационалдандыру – тарихи үдерістің өзі және бұл мағынасы жағынан жаңғырумен мәндес. Сондықан, Вебер жаңғыру атауын тура қолданбаса да, осы мәселені зерттеуші қазіргі заманғы тарихшылар оның классикалық мұрасын көп қолданады. Солардың біреуі Б. Шварц былай деп жазады: «Егер Веберге сүйенетін болсақ, менің ойымша жаңғыру түсінігінің шекарасын айқындаудың бір ғана мүмкіндігі бар: ол адам энергиясын жүйелі, ұзақ мерзімді және мақсатты түрде адамның материалдық және әлеуметтік өмір сүру ортасына әртүрлі мақсаттарды жүзеге асыру үшін «рационалды» бақылау орнатудан тұрады. Мен мақсатты түрде, жүйелі және ұзақ мерзімді деген сөздерді қолдандым, өйткені рационализация үдерісі бұл түрінде Modern Age атауы пайда болғаннан көп бұрын жүріп отырған, және ол адамзат тарихының бүкіл өне бойында бар» /5, 23-24/.

Еуропалық жаңғырудың мәні, ірі әлеуметтанушы, проф. Ш.Айзенштадтың айқындауы бойынша: «адамзаттық және игерілген табиғи ортаның үздіксіз, бағытталған дамуы, ұлғаюы қағидасында, адам тағдырының өздігінен даму қағидасында, сонымен бірге осы ортаны және тағдырды адам мен қоғамның саналы әрекеті арқылы игеруде жатыр. Еуропалық модернизаторлықта бастысы адамның саналық іс-әрекет жолындағы әлеуметтік, мәдени және экологиялық тұрмысының шешуші аспектілерін белсенді қалыптастыру, адамдардың бұл қалыптастырудағы саналы атсалысу мүмкіндігі идеясы болды» /6, 69/.

Шындығында, жаңғыру кең таралуға ие болса да, ол бірыңғай өркениеттің құрылуына, оның үстіне бірыңғай идеология мен саяси құрылымның пайда болуына әкелмеді. Бұрынғы, мысалы дін немесе басқа көшірулер секілді

таралулардан айырмашылығы, жаңғыру үдерісіне экономикалық, саяси және идеологиялық аспектілер кірді. Бұл жаңғыруға ұшыраушы қоғамдардағы бар құрылымдарды едәуір дәрежеде күйретуге ұшыратпауы мүмкін емес еді. Жаңғыру – бұл ең алдымен қоғамның бірте-бірте дамуына кепілдік беретін, ақыр соңында оның әлеуметтік қайта жасақталуына әкелетін технологиялық қайта құрулар. Сонымен бірге тәжірибелер белгілі американ әлеуметтанушысы П.Бергердің: «техникалық өзгерістер мен қоғамның социопсихологиялық жүйелерін араластыруға болмайды» деген тезисін дәлелдей түседі /7, 32/.

Осыған байланысты Э.Рейшауэрдің мына сөздерін келтіріп кеткен орынды: «... жаңғырудың көп нұсқауы бар және әрқашан бола береді деп түйіндеуге болады, сондықтан да жағдайдың ешқайсысы типтік бола алмайды» /4, 35/. Оның үстіне, Джон У.Холлдың айтуы бойынша, әрбір ұрпақ оны өзінше түсінеді.

Жаңғырудың әмбебап формасының болмауы дұрыс заңдылық, өйткені әртүрлі қоғамдарда түбегейлі өзгерістер тудыратын факторлар жиынтығы біркелкі емес. XX ғ. 60-жылдары бірқатар елдердің ғалымдары (Жапонияның, Англияның, АҚШ-тың, Австралияның – Оути Цутому, Тояма Сигэки, Рональд Дор, Джон Холл, Эдвин Рейшауэр, Сидней Кроукур және басқалары) жаңғырудың бір өлшемді түсінігін жасау мүмкін емес деген ойға келді. Олар тек XX ғ. екінші жартысындағы жаңғыруға ұшыраушы қоғамды сипаттайтын негізгі параметрлерді ғана жасап шықты. Оларға мыналар жатады: урбандалудың жоғарғы деңгейі, қуаттың жаңа көздерін пайдалану, тұрғындардың әлеуметтік белсенділігі; тұтыну тауарлары мен қызметтерінің кең таралуы; халықтың жаппай сауаттылығы мен ғылымның маңызды рөлі; бұқаралық ақпарат құралдарының ауқымды желісінің құрылуы; әлеуметтік институттардың болуы, сондай-ақ ұлттаралық қатынастардың өрістеуі. Бұл жағдайларды дамыта отырып, кейбір ғалымдар (Роберт Уорд, Рональд Дор, Вильям Локвуд) бұл үдерістің өлшемдерін саясатта, экономикада, идеология мен

элеуметтік салада жеке беріп көруге тырысты /4, 35/.

Джон У.Холл жаңғыру мәнін айқындады, ол бұл түсінікке экономика-ның механикаландырылуы мен индустриаландырылуын, бюрократтық аппараттың құрылуын, ғылымның рөлінің, жалпы зияткерлік саланың белсенділігін, элеуметтік қатынастардың кең көлемін, адамдардың рухани құндылықтармен баюын, яғни дәл осы уақыт кезеңіндегі адам тіршілігі жағдайларының жоғарғы рационализация деңгейін көрсететін барлық компоненттерді кіргізді /4, 31/.

Жапон профессоры Н.Кавамура бір жағынан жаңғыру мен индустриаландыруды, екінші жағынан мәдени сипаттарды қарастыра отырып, өзіндік мәдени құндылықтардың барынша дербестігін атап өтеді. Оның ойынша, жапон қоғамының нормативті еуроцентристік теорияға сәйкестенбейтін из конценциясы немесе корпоративтік рух секілді айрықша құбылыстарын феодализм қалдықтары деп қарастыруға болмайды, оларды батыстықтан айрықша жапондықтардың мәдени құндылықтары деп қабылдау қажет. Және мұнымен келіспеуге болмайды.

Проф. Н.Кавамура жаңғыру теориясын дәстүрлі шығыс қоғамынан қазіргі заманғы «батыстыққа» өту аясынан тысқары қарастырады. Ол жаңғыру үдерісі одан да ары–қазіргі заманғы қоғамнан қазіргі заманғы қоғамнан кейінгі кезеңге қарай жүреді деп есептейді /9, 264-283/.

Шындығында, қазіргі уақытта өркениетаралық өзара қатынастардың, яғни тығыз саяси, экономикалық, технологиялық және идеологиялық байланыстардың күшеюі әлемдік қауымдастықтың интернационалдандырылуына, жаһандық жүйелердің құрылуына әкеледі. Осылайша, жаңғыру интернационалдандырумен ұштасады, бұл ХХ ғ. 90-жылдарындағы Жапонияға тән құбылыс.

Бірақ бұл біздің терең сеніміміз бойынша, бірыңғай өркениеттің құрылуын емес, тек қазіргі деңгейдегі, өз айырмашылық белгілері бар бірқатар өркениеттердің құрылуын білдіреді. Бұл қарастыру барысында шығыс қоғамдарының Батыспен жақындасуы жағдайында өзінің

жекелік қасиетін жоғалтуына қатысты конвергенция теориясының аспектілерінің бірі едәуір күшін жоғалтады.

Қандай да бір елдің жаңғыруын бағалау барысында ғалымдардың көпшілігі уақыт өлшемдерін алады, яғни қоғамды оның жаңғыру жолына түсу уақытына қатысты қандай да бір түрге бөледі. Профессор Талкот Парсонс қоғам ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен дамиды деп есептеп, олардың екі түрге - эндогендік және экзогендік деп қарастырады. Парсонстан кейін Мэрион Леви «алғашқы дамыған» және «екіншілей дамыған» түрлерді ұсынды. Алғашқыларына ол барынша ұзақ уақыт бойы өз күштеріне сүйене отырып дамығандарды жатқызады. Екіншілеріне - алғашқы дамыған қоғамдардың индустриализация үлгісін көшіріп алып, оны тез жүзеге асырғандарды қосады. Мысалы, Жапонияны алып қарасақ, белгілі жапон элеуметтанушысы Цуруми Кадзуко көрсеткендей, батыс елдеріне отыз жыл уақыт керек болған жерлерде, Жапония үшін он жыл ғана жеткілікті болған /10, 7/.

М.Леви жоғарыда айтылған көқарасты дамыта отырып, тек алғашқы және кейінгі дамыған қоғамдарды ғана емес, сонымен бірге ескі, жоғары дамыған дәстүрлі мәдениетті (мысалы, Жапония) және жас, барынша бос жерлерде пайда болған қоғамдарды, яғни төрт түрді бөліп қарастырады. Бұл пікірді Калифорния университетінің проф. Генри Розовский де қолдайды. Ал Принстон университетінің профессоры Стрил Блэк алты түрден тұратын бұдан да толыққанды жіктеу жүргізеді. Бұл ғалымдардың барлығы елдерді олардың даму деңгейі бойынша топтастыруға тырысты.

Жапония тарихын зерттеу барысында, біз үшін жаңғыруға ұшыраушы қоғамдарды Э.Рейшауэр ұсынған, олардың жаңғыру жолына түсу уақыты мен даму деңгейіне сәйкес үш негізгі топқа бөлу қызығушылық туғызады: 1. жаңғыру элементтері біршама баяу эволюциялық даму барысында туындаған мемлекеттер (Солтүстік Еуропа елдері және олардың ықпалындағы ареалдар); 2. жоғары дамыған өркениетті, жаңғыру сырттан әкелінген

мемлекеттер (Азияның, Солтүстік Африканың, Латын Америкасының көптеген елдері); 3. Олар жақында ғана пайда болған мемлекеттер (Африканың қалған бөлігі және Океанияның бір бөлігі). Әрине, оның ойынша бұл категориялардың арасында алынбас кедергі жоқ, сондықтар бірқатар елдер бірінші және екінші категориялар арасында маргиналды болып, шекаралық аймақтарды құрайды /4, 34-35/.

Жаңғыруға ұшыраушы қоғамдарды осылай бөлуді отыз жылдан кейін ресейлік зерттеуші В.Хорос «Ресей мен Жапонияның жаңғыруы» атты мақаласында «әлемдік капитализм эшелондарының тұжырымнамасы» деген атпен қайталады /10, 7/. Сірә осы екі елдің жаңғыруын салыстыру идеясы да Жапониядағы бұл үдерісті салыстырмалы зерттеудің көптеген нұсқаларын ұсынған Э.Рейшауэрден алынған болуы керек. Э.Рейшауэрдің пікірінше, жекелеген, оның ішінде мәдениетке қатысты параметрлер бойынша жапондық нұсқаны қытайлық және корейлікпен салыстыру жемісті болады. Ал тарихи типологияға (түрге жіктеу) келетін болсақ, Жапонияны Азияның дамыған елдерімен салыстырған абзал, бірақ кейбір аспектілерде Ресеймен және Шығыс Еуропамен барынша қызғылықты. Ол жапон жаңғыруының бастапқы кезеңін ғана Оңтүстік және Шығыс Еуропа елдеріндегі осындай үдерістермен, ал кейбір параметрлер бойынша солтүстік-батыс Еуропаның және Солтүстік Американың елдерімен салыстырған дұрыс деп есептейді. Және бұл жерде солтүстік-батыс Еуропа елдеріндегі жаңғырудың ерте кезеңдерімен және Африканың артта қалған елдеріндегі бұл үдерістің кез келген кезеңімен балама жасауға жол берілмейді.

Осылайша, Э.Рейшауэр Жапония Мэйдзи кезеңінде жаңғыру жолына түскенде барынша жоғары даму деңгейінде болған деп есептейді. Оның ойынша, елдің осы бағыттағы сәтті қадамы тек бұл үшін алғышарттардың болуымен ғана емес, сонымен бірге жапондықтардың үнемі басқа елдерден үйрену қабілетінің болуымен қамтамасыз етілді. Бұл жерде ол әсіресе өзін прогрестің жасампазы сезінетін капиталистік қоғам адамының

шығармашылық қасиетін бөліп көрсетеді. Бұл көзқарас негізінде М.Вебердің ұстанымына да сай келеді, ол: «іс-әрекетті «рационалдандырудың» маңызды бөліктерінің бірі - үйреншікті әдет-ғұрыптар пен салттарға іштей тартылуды мүдденің қалауына бірте-бірте беймделумен алмас-тыру» деген болатын /5, 22/.

Э.Рейшауэрдің жалпы жаңғыруға және жеке Жапонияға қатысты айтылған көзқарастарына қарай отырып, кейбір отандық ғалымдардың Жапонияның жаңғыру теориясын түсіндіру талас тудырады, тіпті қате секілді көрінеді. Мысалы профессор Б.В.Поспеловтың ойынша, бұл теория «жапон капитализмін ғылыми-техникалық прогрестің талаптары мен осы саланың жетістіктеріне бейімделу «қабілетіне» бола мадақтау үшін айтылған... Ол дамушы елдерге социологиялық даму теориясы ретінде бағытталған». Оның үстіне, ол американ ғалымын жапон әскерилерін және олардың ел тарихындағы рөлін ақтамақшы деп айыптады /1, 15/. Ал іс жүзінде Э.Рейшауэр Жапонияның мэйдзиден кейінгі кезеңде неліктен милитаристік жолға түскенін түсіндіруге тырысқан болатын. Оның ойынша, агрессия «жапон дәстүрінің маңызды бөлігі емес». Жапония милитаризм мен соғыс жолына отарлары бар еуропа елдерімен теңесу үшін түсті. Соңғылары елдің жаңғыруының құрамды бөлшектерінің бірі ретінде әскери істегі жетістіктерді бағалады. Оның үстіне Э.Рейшауэр сол кездерде кез келген әскери қуатты держава міндетті түрде «империалистік авантюраға» тартылатынын ерекше атап өтеді. Осылайша, бұл кезеңдегі Жапонияның басқыншылық саясатын самурайлық рух деп емес, тәуелсіз мемлекеттің тіршілік үшін күресі деп түсіндірген дұрыс секілді. Әрине, жапон саясатына мұндай баға беру тек ХХ ғ. 30-жылдарының басына дейін ғана әділетті.

Жапония жаңғыруының сипатына тұрғындардың жоғары бейімделгіш қабілеті, яғни олардың бөгде өркениеттердің (ең алдымен үнді және қытай) элементтерін игеруі, тіпті оларды өз ұлттық құндылықтарының компоненттеріне айналдыруы үлкен ықпал етті. Бұл

жерде қытай жазуын (IV ғ.), даосизм мен конфуцийшілдікті (IV-V ғғ.), буддизмді (VI ғ.) қабылдауын, кейіннен феодалдық Жапонияның окшаулануына қарамастан (XVI-XIX ғғ.) батыс өркениетінің сөзсіз ықпалын (XVI ғ.) еске алсақ жетіп жатыр.

Қазіргі уақытта жапон қоғамында ненің төл, ненің көшірме екенін айқындау қиын, өйткені барлығы біртұтас болып кеткен. Сонда да болса, таза жапондық әлсіз болғанына қарамастан бейімделу үдерісіне едәуір ықпал жасады. Бір қызығы, басқа елдердің мәдениетін өз дәстүріне тарта отырып, Жапония жиі оларда жоғалған нәрселерді сақтап қалып отырды.

Жапония үшін дәстүрлер трансформациясының эволюциялық үдерісі тән. Жаңа элементтер әдетте ескі құрылымға қосылып отырды, оны ешқашан бұзбады, жиі қатар өмір сүрді, кейде бірігіп біртұтасқа айналды, мұнда ненің сырттан келгенін, ненің дәстүрлі жапондық екенін айыру қиын болды. Бірте-бірте бұл элементтер ескі құрылымға бейімделген сайын түрін өзгертіп, бүкіл жүйенің қайта құрылуын туғызды. Кейде бұл үдерістің қатты жүргені сондай, жапондықтардың өз дәстүрлерін бұзып жатқаны секілді жалған әсер қалдыратын.

Жапондықтардың прагматизмі оларға қажет деп санаған жаңашылдықтың бәрін қабылдауға мүмкіндік берді, олар мүмкіндікті катаклизмдерді айналып өтті және дәстүрлі құндылықтардан ықтиярмен бас тартпады. Бұл Жапонияның басқа елдерге, мысалы Қытайға қарағанда, Батысқа сәтті жауап бере білгенінің себептерінің бірі. Жаңғыруды қабылдауда екі жаққа да әлеуметтік-психологиялық факторлар, әсіресе қытайлықтар мен жапондықтардың қалған әлемге деген қатынасы үлкен әсер етті: алғашқылары

Орталық империя деген идеяларынан арыла алмады және өздерінікінен бөгде құндылықтардың болуына жол беріп, басқа халықтардан үйрену қажеттілігін түсінбеді. Екіншілері болса өз бірегейліктерін жоғалтпай, батыстың құндылықтарын қабылдай білді. Мұндай көзқарасты көптеген отандық және шетелдік ғалымдар бөліседі.

1. «Дух Ямато» в прошлом и настоящем». М., 1989.
2. Мировая экономика и международные отношения. 1991, № 5
3. Вопросы философии. 1991, № 3
4. Changing Japanese Attitudes Towards Modernization. Tokyo 1982
5. Вебер М. Избранные произведения. М., 1990
6. Мировая экономика и международные отношения. 1991, № 10
7. Berger P.L. Capitalism Revolution Fifty Propositions about Prosperity, Equality and Liberty. New York 1986
8. The Japanese Trajectory, Modernization and beyond. Cambridge, 1988
9. Tsurumi Kazuko. Social Change and the Individual. Princeton, 1970
10. Мировая экономика и международные отношения, 1991, № 8

В статье рассматриваются некоторые аспекты модернизации Японии. Японский путь обновления предоставляет возможность для формирования собственного пути политического развития страны.

In this article are considered some aspects of modernization of Japan. Japanese way of renewal is affording an opportunity to form own way of country's political development.

Р. Алпысбаев

ИРАН-ИРАҚ СОҒЫСЫ ЖӘНЕ АҚШ-ТЫҢ ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

1978-1979 жж. Иран төңкерісіне дейін АҚШ-ң Таяушығыстың саясатында басты рөлі Иран, Сауд Аравиясы мен Израильге

берілген еді. Таяу және Орта Шығыста американ стратегиялық және экономикалық мүддесінің гаранты болып нақ осы ел-